

Қамқоршылық кеңесі отырысы жоғарыдағылар негізінде шешім етеді:

1. Білім және ғылым министрінің №355 бұйрығы жұмыс барысында басшылыққа алынсын.
2. Қамқоршылық кеңесі жұмысы Ережеге сәйкес жұмыстар жүргізісін.
3. Қамқоршылық кеңесі мектеппен бірлесе отырып жұмыстар жүргізісін және жариялылықты қамтамасыз етсін.
4. Қамқоршылық кеңесінің құрамы төмендегіше сайлансын:

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Панаев Нұрлыбек

Қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары: Карабалиева Гүлзада

Қамқоршылық кеңес хатшысы: Слиханова Ақтоқын

Қамқоршылық кеңес мүшелері: Бүркітова Гүлдәрі

Суенова Сақытжамал

Жаңылташев Амангелді

Тәжібаев Берік

Қобландина Ардақ

Хайруллин Ардақ

Әжмұратова Дамиля

Нұрымов Нұрлан

Рысова Шаттық

Адилова Ақмарал

Жиналыс төрайымы:



Г.С.Хасан

Жиналыс хатшысы:



А.Қ.Слиханова

ХАТТАМА

26.09.2018 ж.

И.Тайманов атындағы орта мектебінде қамқоршылық кеңесінің отырысы болып өтті.

Қатысқандар саны: 15

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен таныстыру.
2. Қамқоршылық кеңестің мүшелерін сайлау.

Тыңдалды:

1. Мектеп директоры Г.С.Хасан күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен, «Білім туралы» Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру, оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары негізінде мектебімізде қамқоршылық кеңес құру керектігін айтып, оның ережесімен таныстырды.

Қамқоршылық кеңесі – қоғамдық бірлестік. Білімді басқарудың мемлекеттік-қоғамдық жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде, Қамқоршылық кеңес мектеп пен қоғамның арасындағы қарым-қатынастың құралы болу қажеттігін айта келіп, оның міндеттеріне тоқталды.

3. Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сарсемалиева Зоя Бисенбайқызы сөйледі. Ол «Қамқоршылық кеңес» құрамына кімдер ену керектігін айтып және олардың функционалдық міндеттеріне тоқталды. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы және хатшысын және мүшелерін сайлау керектігін айтып, сайлау жүргізуді ұсынды. Осы айтылғандар негізінде кеңес мүшелері өз ойларын айтты. Жиналысқа қатысушылардың ортақ ұсынысымен кеңес төрағасын, орынбасарын және хатшысын сайлануы қажет екендігі айтылды.

Хаттама №2

2018 жылдың 5 желтоқсан күні Жалпы білім беретін И.Тайманов атындағы орта мектебінде қамқоршылық кеңесінің кезекті отырыс болып өтті.

Қатысқандар: 13 адам

Күн тәртібінде:

1. Екпе алмайтын оқушылардың ата-аналарымен түсіндірме жұмыстарын жүргізу.
2. Жаңа жылдық шараларды ұйымдастыру
3. «Қамқорлық акциясын» өткізу туралы

Тыңдалды:

1. Кеңес төрағасы Панаев Н.:

Құрметті ата-аналар! Біз бүгін сіздерді Қамқоршылық кеңесі отырысына шақырған болатынбыз. Мақсатымыз екпе алмаған оқушылардың ата – аналарының түсінбеген сұрақтарына жауап беру және түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Бізде екпе алмай отырған 5 оқушы бар. Олардың барлығы да 1-сынып оқушылары.

Насырова З.Т. - мектеп медбикесі:

Келіп отырған ата – аналар екпе алмаудың себебін қазір түсіндіре жатар. Дегенмен де түсіндіру жұмыстарын жүргізу біздің міндетіміз. Класта 24 оқушының 1- і екпе алмаған жағдайда қатты ауырса, сол кластың ата – аналары заңға жүгінуі мүмкін. Бекітілген заңдық күнтізбе бойынша бала 6 жаста және 16 жасында екпе алады. Сол екпелерді уақытында алуы керек.

Жоғарыда айтып кеткендей, барлығын өздеріңіз толық біліп отырсыздар. Мектепке тапсырған 036у формасында кішкентай кезінде екпені алған, бірақ 6 жасқа келген кезде алатын екпені алмай отыр. Сондықтан, екпе алмаған оқушылар санатына тіркеп отырмыз. Баланың ескен сайын организмі

әлсірейді. Ауруды тез қабылдағыш болады. Әлі де дұрыс жағын ойлаңыздар. Мектеп тарапынан балалардың денсаулығына алаңдаулымыз.

Сөйлегендер:

1. Карышева Санжан –Үлкен 2 балам екпеден кейін қатты ауырды. Сондықтан да алмадық. Бірақ туылған уақыттан бергі барлық екпелерін алып жүрді.
2. Унайбекова Камшат - Балаларымның болашағына алаңдаймын. Екпе алмаудағы себептің дінге ешқандай қатысы жоқ. Нақты себебі екпеге сенбейміз. Өйткені айналамызда екпе алғаннан кейін екпе кері әсерін беріп, қатты ауырған балдар бар. Сол жағдайдан кейін сенбеймін. Ал оған дейінгі екпелерін толық алып жүрді.

Панаев Н. – кеңес төрағасы:

Ата-аналар, медбикеміз түсіндіріп өткендей екпе алғанның зияны жоқ. Бұрынғы оба, қызылша, туберкулез аурулары осы екпенің нәтижесінде жойылды немесе азайып келеді. Әлде де баланыздың денсаулығы үшін пікірлеріңізді өзгертеді деп ойлаймын.

Бүркітова Гүлдәрі – кеңес мүшесі:

Біздің мақсатымыз: дені сау, білімді ұрпақ тәрбиелеу. Елімізде балалардың құқығын, денсаулығын қорғау Ата заңда көрсетілген. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексінің 89- бабы 1.1.тармағында Әрбір бала денсаулық сақтау жүйесінің заманауи және денсаулығын қалпына келтіруге құқылы» және 156-бабы 1 тармағында «Қазақстанда тұратын әрбір тұрғын кепілді ақысыз медициналық көмек шеңберіндегі инфекциялық және паразитарлық ауруларға қарсы алдын алу екпелерін алуға міндетті»

деген жолдар бар. Яғни, балаларына екпе жасатудан бас тартқан ата-аналар олардың құқығын бұзып, ұрпақ денсаулығына қауіп төндіріп отыр. Мұндағы айтпағым ата-аналардың екпе алмау деген көзқарастарының өзгеріп, балаларына екпе алғызса деймін. Біраз түсіндіру жұмыстары жүргізілді, нәтижесі болар деген үмігтемін.

2. Күн тәртібіндегі жана жылдық шараларды ұйымдастыру мәселесі бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Слиханова А. сөйледі.

Жана жылдық кеш барлық баланың асыға күтетін мерекелерінің бірі. Аяз атаны күту, оның сыйлығы бәрі ертегі іспетті бала қуанышын еселей түседі. Аталған мереке қарсаңында мектептегі көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасы балаларына мерекелік шара ұйымдастырып, сыйлықтар дайындайтынбыз. Бұл шараны өткізу әр жыл сайын мектеп оқушыларының қайырымдылық акциясы, мұғалімдер мен ата – аналардың демеушілігімен ұйымдастырамыз. Сол шара биыл да жалғасын табу үшін «мен демеуші бола аламын» деген ата – аналарды бірлесуге шақырамын және қамқоршылық кеңес мүшелері сіздерге ұсыныс тағтаймыз. Өйткені мектептің әлеуметтік педагогында қаншама балалардың (аз қамтылған, толық емес, көп балалы отбасы балалары) тізімі бар. Солардың барлығына сыйлық алу, мерекелік шара өткізу үлкен күшті қажет ететіні сөзсіз. Және де мектеп оқушыларының Жаңа жылдық ертеңгіліктер өткізуге ата-аналар тарапынан ұсыныстар түсуде.

3. «Қамқорлық акциясы» туралы кеңес мүшесі Суенова Сақыпжамал сөз алды

Өздеріңіз білесіздер, біздің мектебімізде қаңтар айында қамқорлық акциясы жыл сайын кең көлемде ұйымдастырылады. Биылғы оқу жылында да осы қалыптасқан дәстүр бойынша көмек қажет ететін жетім, жартылай жетім, көп балалы отбасылардағы оқушыларға акция

ұйымдастыру қажет деп ойлаймын. Кеңес мүшелері болып қолға алуды, демеушілер іздестіруді ұсынамын.

Айтылған мәселелерді тыңдай келе қамқоршылық кеңес отырысы төмендегідей қаулы етеді:

1. Екпеден бас тартқан ата-аналармен түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.
2. Мектептегі Жаңа жылдық ертеңгіліктерді ұйымдастыру жұмыстары жүргізілсін.
3. Қаңтар айында өткізілетін «Қамқорлық акциясын» ұйымдастыру жұмыстары жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  Н.Н.Панаев

Кеңес хатшысы:  А.Қ.Слиханова

Үшінші мәселе бойынша кеңес төрағасы Н.Панаев сөз алып мектеп әкімшілігіне қамқорлықты қажет ететін отбасылар мен оқушыларды анықтап, тізімін беруді сұрады. Алға қарай ол оқушыларға көмек қолдарын созуды көздейтінін айтып өтті.

Айтылған мәселелерді тыңдай келе қамқоршылық кеңесінің отырысы төмендегідей қаулы етеді:

1. Мектептің қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Қамқорлықты қажет ететін отбасылар мен оқушылар анықталып, алдағы уақытта оларға көмек көрсетілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  **Н.Н.Панаев**

Кеңес хатшысы:  **А.Қ.Слиханова**

Хаттама №1

2019 жылғы 2 қыркүйек күні Жалпы білім беретін И.Тайманов атындағы орта мектебінде қамқоршылық кеңесінің кезекті отырысы болып өтті.

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңестің төрағасы, кеңес мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңестің нормативтік құжаттарымен танысу, кеңес жоспарын бекіту
2. Жалпыға міндетті тегін тамақтану мәселесі
3. Мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып қамқорлықты қажет ететін отбасылар мен оқушыларды анықтау.

Тыңдалды:

- Мектеп директоры Хасан Гүлшат Сахиқызы Қамқоршылық кеңес төрағасына, кеңес мүшелеріне жаңа оқу жылына сәттілік тілеп, биылғы оқу жылындағы әкімшілік құрамымен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы Н.Н.Панаев сөз алып, қамқоршылық кеңестің нормативтік құжаттарымен таныстырды. Қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен Білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларымен таныстырып өтті. Сондай-ақ 2019-2020 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің жылдық жұмыс жоспарымен таныстырып өтті.

Екінші мәселе бойынша Жалпыға міндетті тегін тамақтану мәселесі туралы мектептің әлеуметтік педагогы Діңғалиева Бибігүл сөз алып биылғы оқу жылындағы тегін тамақпен қамтылатын оқушылар туралы мәлімет берді.

Хаттама №3

2019 жылдың 1 наурызы күні Жалпы білім беретін И.Тайманов атындағы орта мектебінде Қамқоршылық кеңесінің кезекті отырысы болып өтті.

Қатысқандар: 13

Күн тәртібінде:

1. Наурыз мейрамын ұйымдастыру.
2. Мектептің көгалдандыру жұмысы

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша кеңес төрағасы Панаев Н.Н. сөз алды.

- Құрметті қамқоршылық кеңесінің мүшелері қош келдіңіздер. Бүгінгі отырысымыздағы бірінші мәселе Наурыз мейрамын ұйымдастыру. Білім мен тәрбиені бір арнаға құю үшін мектеп мұғалімдері аянбай еңбек етуде. Қоғамның бар байлығы – оның дұрыс жетілген ұрпағы. Сондықтан ата-аналар ретінде Наурыз мейрамын ұйымдастыруды жөн деп санаймын. Ұлттық құндылығымызды насихаттайтын ұлық мерекенің мектеп көлемінде атап өту оқушыларымызды рухани бай болуға жетелейді.

Қарабалиева Г. – кеңес мүшесі:

- Мен бұл пікірге келісемін. Балаларымыздың бойына ұлттық салт-дәстүрімізді, мәдениетімізді сіңіріп өсіру борышымыз. Осы орайда мектеп пен ата-аналар бірлесе жұмыс жасаса нұр үстіне нұр болар еді.

Екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Ажмуратова Д. сөз алды.


- Көгалдандыру жұмыстары мектеп ауласына әсем көрініс береді, күннен, шаңнан қорғайды, санитарлық-гигиеналық рөл атқарады. Біздің қаламыздың экологиялық жағдайын ескерсек көгалдандыру жұмысының орны ерекше. Бұл жайларды ескерсек біздің мектебіміздің ауласын көгалдандыру біз үшін қажет деп есептеймін. Барлық

сыныптардағы ана-аналар комитеттерімен ұйымдаса отырып бір жылдық, көп жылдық гүлдер, әр түрлі ағаштар, жеміс ағаштарын отырғызу аса маңызды.

Айтылған мәселелерді тыңдай келе қамқоршылық кеңесінің отырысы төмендегідей қаулы етеді:

1. Мектептің қамқоршылық кеңесінің көмегімен Наурыз мейрамы ұйымдастырылсын.
2. Мектеп ауласын көгалдандыру мақсатында ана-аналармен бірлескен жұмыс жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  Н.Н.Панаев

Кеңес хатшысы:  А.Қ.Слиханова

Хаттама №4

2019 жылғы 27 мамыр күні Жалпы білім беретін И.Тайманов атындағы орта мектебінде қамқоршылық кеңесінің кезекті отырысы болып өтті.

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңестің төрағасы, кеңес мүшелері

Күн тәртібінде:

1. 2018-2019 оқу жылындағы қамқоршылық кеңесі жұмысының қорытынды есебі
2. Мектептің материалдық-техникалық базасын жақсартуға көмек көрсету

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы Панаев Н.Н. сөз алды.

- Құрметті ұстаздар, ата-аналар . Бүгінгі отырысымызда аяқталып жатырған оқу жылы туралы сөз қозғамақпыз. Өздеріңізге белгілі қамқоршылық кеңесі оқушылардың игілігі үшін құрылған кеес. Барлығын да балаларымыздың жақсы білім алуы үшін жасап келеміз. Бірақ адамның қалыптасуы үшін тек қана білім алу аздық етеді. Білім берумен қатар тәрбие де бере білуіміз қажет. Ол тек қана ұстаздардың міндеті емес. Ата-ананың, қоғамның міндеті. Біздің ұрпағымыз сапалы білім, саналы тәрбиемен қарулануы қажет. Осы орайда мектебімізде құрылған Қамқоршылық кеңесі құрылып, мүшелері сайланды. Өз жұмысын жүргізуде. Биылғы оқу жылында оқушыларға арнап қайырымдылық акциясы өткізіліп жетім, жартылай жетім және көп балалы отбасылардың балаларына көмек көрсетілді. Жаңа жылдық кештің ұйымдастыруына көмектесіп, оқушыларға тәттілер таратылды. Сондай-ақ ата-аналардың көмегімен Жаңа жылдық ертеңгіліктерге

персонаж киімдері тіктіріліп берілді. Наурыз мейрамына орай ұлттық мерекемізді өткізуде оқушыларға ұлттық ойындар ұйымдастырылып, ұлттық тағамдар әкелінді. Мектеп ауласын көгалдандыру жұмысына ата-аналар, демеушілер тартылып көшеттер егілді. Әртүрлі гүлдер отырғызылды. Десек те бұл жұмыс әлі де аздық етеді. Алдағы уақытта басқа да үлкен шаралардың басы-қасынан табыламыз деген ойдамын.

Тәжібаев Берік – «Real» спорт клубының директоры, кеңес мүшесі

- Барлық игіліктер істер балалар үшін, олардың тәрбиесі үшін болуы керек. Алдағы уақытта да қолымыздан келгенше көмегімізді беруге әзірміз.

Екінші мәселе бойыншы кеңес төрағасы Қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына орай мектептің материалдық-техникалық базасын жақсартуға көмек-көрсетуіміз қажет екендігін айтып өтті.


Рысова Ш. – кеңес мүшесі

- Ұйымның дербес шоты ашылғаннан кейін әр түрлі демеушілер арқылы мектеп базасын жаңартып отыруға болады деп ойлаймын.

Айтылған мәселелерді тыңдай келе қамқоршылық кеңесінің отырысы төмендегідей қаулы етеді:

1. Мектептің қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмысы «қанағаттанарлық» деп танылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  Н.Н.Панаев

Кеңес хатшысы:  А.К.Слиханова

Хаттама № 1

«И.Тайманов атындағы орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесінде өткізілген қамқоршылық кеңес отырысы болды.

Атырау қаласы

25 тамыз 2020 жылы

Қатысқандар: 13

Мектеп әкімшілігі: 4

Күн тәртібінде:

1. «Мектепке жол» акциясының ұымдастырылуы;
2. Материалдық көмекке мұқтаж оқушыларды анықтау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкәріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы;

Тыңдалды:

-Панаев Н.Н-Қамқоршылық кеңестің төрағасы. «Мектепке» жол» акциясы аясында бөлініп жатырған қаражаттың мына талаптарға сай, яғни көп балалы, аз қамтылған, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған, толық емес отбасынан шыққан балаларға бөліну керек екендігін айтып өтті.

-Б.Дингалиева – әлеуметтік педагог: - Біз мектебімізде жалпы көп балалы, аз қамтылған, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған, толық емес отбасынан шыққан 31 (отыз бір) оқушы бар. Осы оқушылардың барлығына бөлінсе деген ұсынысым бар.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы, кеңес мүшелері және мектеп әкімшілігі, әлеуметтік педагог Дингалиева Бибігүлдің ұсынысын дұрыс, талапқа сай шешім деп қабылдап, бір ауыздан аталған 31 баланы қолдау көрсетті.

№	Ата-анасының аты-жөні	балалары	Әлеуметтік жағдайы
1	Рахметқалиев Саламат Тлекқабылович Нигметова Майра	Тлекқабыл Дәулет Саламатұлы	Көп балалы, аз қамтылған
		Тлекқабылов Дарын Саламатұлы	
		Тлекқабыл Даурен Саламатұлы	
2	Джабаев Салауат Табылдыевич Шеналиева Бағиттул Алибековна	Табылды Ернар Салауатұлы	Көп балалы, аз қамтылған
3	Раметова Тұрсынай	Уразбай Асылай	Жартылай жетім, аз қамтылған
4	Сармурзиева Гулмира	Сармурзиев Дилмұрат	Жалғызбасты ана, аз қамтылған
5	Азаматов Берикқали Дыбысович Иманғалиева Алия Сисенбаевна	Дыбысова Сабина Берикқалиевна	Көп балалы, аз қамтылған
		Дыбысова Мадина	

		Бериккалиевна	
6	Жалиев Азамат Асхарович Магзомова Карлыгаш Есимжановна	Асхарова Динара Асхаров Аслан	Көп балалы, аз қамтылған
7	Молдағалиев Сансызбай Бағижанович Сидяғалиева Жанылдық Пазыловна	Молдағалиев Батырбек Сансызбайқызы Қаракат	Көп балалы, аз қамтылған
8	Аймаңакумова Гулдана Максотовна	Жәнібек Каусар	Көп балалы, толық емес отбасы
9	Балқылбаева Сауле	Әбіт Айханым	Жартылай жетім, аз қамтылған
10	Молдағалиева Галия	Молдағали Ақниет	Көп балалы, аз қамтылған
11	Рахметкалиева Саягуль Тулендеевна	Рахметкалиева Анда	Жалғызбасты ана, аз қамтылған
12	Смайлова Адеми Айткалиевна	Амангелді Дархан Райымбекұлы	Толық емес отбасы, аз қамтылған
13	Жарманов Шайкымырза Сатқанбекович	Жарманова Мадина	Жартылай жетім, аз қамтылған
14	Абишев Самат Аймуханович Шуменова Күміс	Әбіш Мирангул Саматқызы	Көп балалы
15	Аманбаев Ажырхан Файзуллаевич Кабдирова Анаргуль Сериккалиевна	Файзулла Нұрберген Ажырханұлы Файзулла Жұлдыз Ажырханқызы	Көп балалы
16	Мухиденова Эльназ Жанпейсовна	Сақыпқали Асылдай Азаматқызы Сақыпқали Алан	Толық емес отбасы
17	Жасимов Абат Мырзағалиевич Досқалиева Алмагул Шалабаевна	Мырзағали Мырзабек Абатұлы Мырзағалиева Марта Абатқызы	Көп балалы
18	Абдиров Эльдар Серикович Серикова Гулнур Амантаевна	Серік Гульдар Эльдарқызы	Көп балалы
19	Досымова Раушан	Закарова Шугула Қуанышбековна Закаров Азамат Қуанышбекович	Жартылай жетім
20	Досқалиева Кенжегуль Каирсальховна	Төлеген Сержан Серікқызы Гүлмаржан	Толық емес отбасы
21	Джайсанова Арина	Ихсанов Нұрлыхан Нұрланұлы	Жартылай жетім.
Барлығы: 20 отбасы		31 бала	

Әрі қарай да қамқоршылық кеңес мүшелері мен мектеп әкімшілігі ынтымақтастықта жұмыс жасауға, балаларға көрсетіліп жатқан қамқорлықтары үшін ризашылығын білдіріп, рахметін айтты.

Қаулы:

1. «Мектепке жол» акциясы аясында бөлінген қаражат әлеуметтік көмекті қажет ететін 31 оқушы қамтылсын.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы:  Панаев Н.Н.

Хатшысы:  Слиханова А.К.

Хаттама №2

2020 жылғы 3 ақпан күні Жалпы білім беретін И.Тайманов атындағы орта мектебінде қамқоршылық кеңесінің кезекті отырысы болып өтті.

Қатысқандар: 13

Күн тәртібінде:

1. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсету.
2. Кеңес жұмысын насихаттайтын стенд жасау

Тыңдалды:

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша кеңес төрағасы Панаев Н.Н. сөз алды.

- Өздеріңізге белгілі өткен отырысымызда қамқорлықты қажет ететін отбасылар мен оқушылар туралы тізім дайындау қажет деп қаулы шығарғанбыз. Сол тізімді басшылыққа ала отырып аталған оқушыларға көмек көрсетуіміз қажет.

Суенова С. – кеңес мүшесі

- Демеушілік көрсетемін деген «Балдәурен» балалар дүкенінің иесі, кәсіпкер Күзекешова Г.Т. деген азаматша бар. Сол кісіден бес оқушыға қыстық киімдер ала аламыз.

Ажмуратова Д. – кеңес мүшесі

- «Жетім көрсен жебей жүр» деп бекерге айтылмаған ғой. Мен де өз атымнан 3 отбасының балаларына киіммен көмектесуге әзірмін.

2.Екінші мәселе бойынша кеңес төрағасы Панаев Н. Қамқоршылық кеңесінің жұмысын насихаттайтын ақпараттық стенд дайындау керектігін айтты. Кеңес мүшелері бір ауыздан келісті.

**Айтылған мәселелерді тыңдай келе қамқоршылық кеңесінің
отырысы төмендегідей қаулы етеді:**

1. Мектебіміздегі жетім балаларға көмек көрсету шарасы ұйымдастырылсын және анықтамасы жасалынсын.
2. Қамқоршылық кеңес жұмыстарын насхаттау мақсатында мектепте ақпараттық стенд жасалынсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

 Н.Н.Панаев

Кеңес хатшысы:

 А.Қ.Слиханова

**И.Тайманов атындағы орта мектебінің қамқоршылық кеңесі отырысының
Хаттамасы № 2**

Атырау қаласы

25 тамыз 2020 жылы

Қатысқандар: 13

Мектеп әкімшілігі: 4

Күн тәртібінде:

1. Г.Хасан – мектеп директоры
2. А.Слиханова – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
3. А.Панаев- ата-аналар кеңесінің төрайымы, комиссия мүшесі
4. Н.Аймуратова – есепші, комиссия мүшесі
5. М. Карабалина - бастауыш сыныптар жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
6. Б.Дингалиева – әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі;
7. Косжанова Г – психолог, комиссия мүшесі

Күн тәртібінде:

1. **Мектебіміздің әлеуметтік көмекке мұқтаж оқушыларды анықтау;**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 ақпандағы №255 қаулысына қосымша, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасының төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушіге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы.

Тыңдалды:


Әлеуметтік педагог: Бүгінгі күні мектебімізде әлеуметтік көмекке мұқтаж 220 оқушының құжаттары жинақталып, қаржылай ата-анасының жеке есеп шотына 35000 (отыз бес мың) теңге ақша аудару үшін жұмыс жасалынды. Аталған оқушылардың тізімі қалалық білім бөліміне жіберілген болатын. Қаражаттан басқа әлеуметтік тізімде тұрған 9 оқушы планшетпен, 25 оқушы компьютермен қамтылды. 40 оқушыға роутер алуға сұраныс жазылып, оны осы санаттағы оқушыларға таратылды. 51 оқушыны «Атамекен» сайтына тіркеп жауабы күтілуде. алдағы уақытта №64 қаулыны басшылыққа алып, әлеуметтік көмекке мұқтаж оқушыларды анықтап, жұмыс жүргізілді.

«Қамқоршылық» кеңесінің төрағасы: Мектептерде аталған санаттағы оқушылардың құжаттарын талапқа сай жинақтап, уақтылы есебін жасап отыру керек. Осы санаттағы оқушылардың «Жалпыға бірдей міндетті білім беру» қорынан берілетін көмектен тыс қалмауы керек деп есептеймін.

Қаулы:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 ақпандағы №255 қаулысына қосымша, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сай санаттағы оқушылардың құжаттарын уақтылы жинақтап, уақтылы есеп беріп отыру.
2. Мемлекет тарапынан әлеуметтік тізімде тұрған оқушылардың ата-аналарының есеп шотына түсетін қаржыға байланысты құжаттарды талапқа сай жинақтау.

Қамқорлық кеңесінің төрағасы:  Панаев Н.Н.

Хатшы:  Слиханова А.К.

Хаттама №3

2020 жылғы 10 наурыз күні Жалпы білім беретін И.Тайманов атындағы орта мектебінде қамқоршылық кеңесінің кезекті отырысы болып өтті.

Қатысқандар: 13

Күн тәртібінде:

1. Мектепшілік шараларға көмектесу
2. Аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсету
3. Озат оқушыларға демеушілік жасау

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз алған кеңес төрағасы Н.Панаев мектебімізде жоспарланған шараларға демеушілік көмек көрсетуді ұсынды. Кеңес мүшелері өткізілетін шаралармен таныса отырып көмектесуге әзір екендіктерін білдірді.

Екінші мәселе бойынша аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсету туралы кеңес мүшесі Қарабалиева Г. сөз алып мектептегі аз қамтылған отбасылар тізімін ұсынды. Және оларға көктемгі сырт киімдермен және аяқ киімдермен көмектесуді жөн санайтындығын айтты.

Үшінші мәселе озат оқушыларға демеушілік көмек жасау жөнінде кеңес мүшесі Қобландина Ардақ демеушіліктердің әр түрлі нұсқаларын ұсынды.

Айтылған мәселелерді тыңдай келе қамқоршылық кеңесінің отырысы төмендегідей қаулы етеді:

1. Қамқоршылық кеңесінің шешімімен мектепшілік шараларға демеушілік көрсетілсін.
2. Аз қамтылған отбасынан 15 оқушының тізімі шығарылып, көмек көрсетілсін.

3. Озат оқушыларды үлгі ету мақсатында әр түрлі сыйлықтармен марапатталсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  Н.Н.Панаев

Кеңес хатшысы:  А.Қ.Слиханова